

A composite image featuring a globe with a red ribbon, birds in flight, and a cloudy sky over the ocean. The globe is positioned in the center-right, showing the Americas. A thick red ribbon loops around it. Several birds are flying in the sky above the ocean. The text "ЖҚТБ - ғасыр дерті" is overlaid in a stylized font.

*ЖҚТБ - ғасыр дерті*

# Қысқаша тарихы



*Ғалымдардың есептеуі бойынша ЖҚТБ (СПИД) ең алғаш 20 ғасырдың 70 жылдары АҚШ, Гаити, Африкада тіркелген, 1979-81 жылдары Нью-Йорк пен Лос-Анжелес дәрігерлері адамдардан иммунитеттің нашарлығын байқаған. Олар қан тамырының ісігі (саркома Капоши) және пневманияның сирек формасымен ауыратын адамдар. 1982 жылы ауруларды бақылау орталығы жаңа ауру ЖИТС-ты тіркеді. 1983 жылы француз Люком Монтанье мен американдық Роберт Галло ауру қоздырғышы туралы алғашқы мәлімет айтты. 1981 жылы Америкада (Атланта) ауруды бақылау комитетінің баяндауы бойынша гомосексуалистер арасында өкпе қабынуынан және сирек болатын жаңа түзінді /денеде/ сияқты бұрын таралмаған түсініксіз аурулардың көбеюі үреймен баяндалған. Бұл аурудағы иммундық жүйені толық жоятындығынан бұл вирус АИВ (адамның иммунитет тапшылық вирусы) деп белгіленеді.*

---



## Мерзімдер, деректер, оқиғалар



**1 ДЕКАБРЯ**

**ВСЕМИРНЫЙ ДЕНЬ  
БОРЬБЫ СО СПИДОМ**



1998 жыл - Желтоқсанның бірі күні дүниежүзілік ЖҚТБ мен күресу күні болып аталды.

1994 жыл - Қазақстан Республикасында ЖҚТБ ауруларының алдын алу туралы заң қабылданды.

1997 жыл - Қазақстанда ең алғаш рет АҚТҚ-мен жұқпаланған адамдар тіркелген.

1999 жыл - Қазақстан Республикасының білім және ғылым министірлігі 31 қаңтарда №12 «ҚР-ның алдын алу бойынша сабақтар енгізу туралы» бұйрығына қол қойды.

2003 жыл - Қазақстан АҚТҚ/ЖҚТБ індетін және оның салдарын жең бағдарламасын жүзеге асыруға ғаламдық қорынан 22,56 млн АҚШ доллары көлемінде жәрдем қаржы алды.

2003 жыл – Ресми түрде Қазақстанда 3948 – АҚТҚ-мен жұқпаланған, 149 – ЖҚТБ-мен аурулар, 117- қайтыс болғандар, 24- мектеп оқушылары, 20- қараусыз қалған балалар, 65-колледждер мен жоғарғы оқу орындарының студенттері.





## *ҚР-ның денсаулық сақтау министрлігінен ақпарат*

2007 жылғы есептеулер бойынша елде 13500-дей адам АҚТҚ-мен өмір сүруде. АҚТҚ-мен өмір сүруші екіқабат әйелдер үлесі 6,7 % (695) құрады. Елде АҚТҚ жұқтырған аналардан 457 бала өмірге келді. АҚТҚ диагнозы 29 балада анықталды, 232 бала жағымсыз нәтиже берді, 24 бала қайтыс болды.

АҚТҚ-мен әрбір адам жұқпалана алады, бірақ мінез-құлықтары АҚТҚ-ны жұқтыруға икемдірек адамдарға екпіндірек болады. Адам АҚТҚ-мен жұқпалана ма, жоқ па, сыртқы пішіннен айыру мүмкін емес.

АҚТҚ – жұқпаланған адам.

ЖҚТБ – науқастанған адам.

«Ең алғаш рет БҚО-да ВИЧ инфекциясы 1996 жылы тіркелген, сол жылдан бері 425 адам тіркелген.

Олардың 297-сі ер азаматтар, 130-ы әйелдер, ал үшеуі балалар. Жыл басынан бері тағы 34 адамның аталған дертті жұқтырғаны белгілі болды», деді СПИД-пен күрес орталығы бас дәрігерінің орынбасары Алмагүл Мантақова.







2010-2011 жылы болған Республика бойынша АҚТҚ/ЖҚТБ-ға қарсы және алдын алу шараларына Үкімет 1 млрд 125 млн 357 мың.тг бөлген. Қазақстанда 2011 жылдың мамыр айында 178 ВИЧ-инфекции таратушылары тіркелген, дәл сол сияқты 2010 жылы да – 180 болған. Ал 2012 жылдың қаңтар –май айлары аралығында Қазақстан бойынша АҚТҚ-ның жаңа індеттерін таратушы инфекциялар саны 820. Белгілі болғандай, статистикалық ақпараттар бойынша, 2010жылы АҚТҚ таратушы инфекциялардың 1 тыс. 969 тіркелген болатын.ЖҚТБ-ға қарсы күрес және алдын алу бойынша республика орталығының хабарлауы, Қазақстанда 2011 жылдың 1 ақпанына дейінгі есептеу бойынша АҚТҚ таратушы, жұқтырғандар саны 15 мың. 908 тіркелген, ал тіркелмегендер саны негізі бұл саннан да көп. Қазақстан халқының саны 16,5 млн.нан астам. 13 қаңтар. Kazakhstan Today – Қазақстандағы ЖҚТБ мен ауыратын адамдар саны 2011 жылғы есептеу бойынша 9,9%-ға азайған, ақпарат ҚР –ның денсаулық сақтау министрлігінен түскен,ақпарат жеткізуші Kazakhstan Today.





2010 жылдан бастап көптеген аурулардың таралуы және аурулар саны азая бастаған, оның ішінде: острый вирусный гепатит 47,2%-ға, соның ішінде "А" вирусный гепатит 49,1%-ға, "В" вирусный гепатит 33,2%-ға, эпидемиялық паротит 38,9%-ға, чесотка 31,8%-ға, шигеллеза 31,0%-ға, ауыз қуыстарында пайда болатын инфекциялар бойынша 29,5%-ға, бактериялық дизентерия 28,9%-ға, сальмонеллез 22,0%-ға, педикулез 21,2%-ға, бруцеллез 17,9%-ға, ішекте пайда болатын жұқпалы аурулар 15,9%-ға, эхинококкоз 12,4%-ға, ЖҚТБ-мен ауыратын адамдар саны 9,9%-ға, туберкулез өкпе ауруы 9,9%, ботулизм 2,3 есе, листериоз 2,1 есе азайған. 2011 жылы оба, холера, паратифама, дифтерия, полиомиелит, трихинеллез, ящур вирустары тіркелмеген.

Осы жылдың 1 қаңтарында Қазақстан бойынша тіркелген 17 763 АҚТҚ жұқтырғандар, оның ішінде ер адамдар саны— 12 444 (70,1%), әйелдер— 5319 (27,6%), 14 жасқа дейінгі балалар саны— 369. ЖҚТБ-мен ауыратын адамдар саны 2012 жылдың басында 1480 адамды құраған.

Республикада 2012 жылдың 1 шілдесінде тіркелген: 18 830 АҚТҚ-жұқтырғандар, 1595 ЖҚТБ-мен ауыратын адамдар бар», - деген мәлімет бар.

# 2011 жылғы ақпарат бойынша АҚТҚ-мен ауыратын науқастар саны

*Ресей-1 млн,*

*Украина-3,5 мың адам,*

*Белоруссия-1,5 мың,*

*Эстония-10 мың,*

*Латвия-10 мың*

*Литва-3300*

*Қазақстан – 18000*

*Өзбекстан-31 мың,*

*Қырғызстан-4000*





2009ж. 01.10. Мұндай жағдай Батыс Қазақстан облысында да тіркеледі. АҚТҚ жұқтырған адамдар саны қарқынды өсуімен – 308 адамға жеткен. Олардың 13-і СПИД-ке шалдыққандар, СПИД-тен қайтыс болған – 10 адам. Жыл сайын біздің облысымызда 16-20 адам АҚТҚ жұқтырады, негізгі бөлігін 18-29 жас аралығындағы жастар құрайды. АҚТҚ жұқтырғандардың 70%-зын үнемі инъекциялық есірткі тұтынушылар, 23%-зы жыныстық жолмен беріледі. Жалпы 2012 жылғы статистика бойынша Қазақстанда спидке шалдыққандар саны 18115 адам , 942 сі қайтыс болған жыл басынан бері, Батыс Қазақстан бойынша спидке шалдыққандар саны 1261адам, 2011 жылғы мәлімет, 2012 жылғы мәлімет бойынша 1513 адам, жыл басынан бері 14 адам қайтыс болған.



# Жұғу жолдары



Анадан балаға



Қан арқылы



Жыныстық қатынас





## ***ЖҚТБ инфекциясы қандай жағдайда жұқпайды.***

- *Жөтеліп немесе түшкіргенде;*
- *Тамақ, су арқылы;*
- *Тер немесе көздің жасы;*
- *Ыдыс-аяқ, төсек орын, киім арқылы;*
- *Моншаны, көпшілік дәретханаларды пайдаланғанда;*
- *Жәндіктер шаққанда;*
- *Егер жыныстық қатынас болмаса ауруды жұқтырмайсыз;*
- *Ауру адаммен мектепке, би кешіне барғанда немесе спорттық жарыстарға қатысқанда;*
- *Сіз қолынан ұстасаңыз немесе құшақтасаңыз ауру жұқпайды.*

*Сондықтан АҚТҚ/ЖҚТБ ауруларын жұқтырған адамдарды қоғамнан алыстатпайық.*





Әлемде әлі күнге дейін АҚТҚ/СПИД індетінен емдейтін дәрілік заттар шығарылғын жоқ, адамды АҚТҚ індетінен қорғай алатын вакцина да табылмай отыр, сондықтан АҚТҚ індетінің таралуымен күрес бұл қоздырғыштың таралу қаупінің алдын алатын немесе төмендететін жеке қауіпсіз тәртіпті қалыптастыруына негізделген.

Жас адамдар АҚТҚ жұқпасының алдында осал, себебі олардың жыныстық белсенділіктері жоғары және тәуекелшіл болып келеді, сондықтан да алдын алу бағдарламаларымен қамтамасыз ету қажет, елде індеттің таралу деңгейін төмендетеді. Ең алдымен, қауіпсіз инъекциялық және жыныстық мінез-құлықты қалыптастыру шараларын бағыттауымыз керек.

Болашақ ұрпақты есірткі тұтынудан қорғап, алдын алу іс-әрекеттері белсенді жүргізілсе, өспірімдерді, жастарды, жалпы тұрғындарды індеттің жұқтыру қаупін төмендетуге көмектеседі. Қауіпті мінез-құлықты ұстанушылар (бұларға коммерциялық жыныстық қатынас қызметкерлері және есірткіні қолданушылар жатады) білімдік бағдарламалармен, ақпараттармен қамтамасыз етілсе, кеңес алса және қорғану құралдарын пайдаланса, АҚТҚ-жұқтыру мүмкіндігін бәрімізге мәлім.

АҚТҚ және СПИД мәселелері бойынша жастарды ақпараттандыру үшін, оқу орындарында, қала және облыс тұрғындарының арасында, айлықтың тақырыбын жеткізілуі мен бұқаралық ақпарат құралдарында іс-шаралар өткізілу жоспарланып отыр. Облыстық денсаулық сақтау басқармасы, барлық мекемелерді, ұйымдарды, барлық жекеменшік түрлеріндегі ұйымдарды, біздің облыста АҚТҚ және СПИД-тің тиімді алдын алу жолында күшті біріктіруге үндейді.







**Рисунок 1. Вастинг-синдром: а) начальные проявления истощения; б) выраженные проявления истощения ребенка**



**Рисунок 2. Паротит: а) имеет место увеличение околоушных желез в результате лимфоцитарной инфильтрации; б) бактериальный паротит**





**НАРКОТИКИ И СПИД  
УБИВАЮТ**









Назарларыңызға рахмет!!!

